

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

1. Солтүстік Қазақстан облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 12 қыркүйектегі № 562 қаулысымен бекітілген.

2. Г. Бурибаева, Ф. Сарсекеев, А. Оспанов, Б. Имашев «Отчет о состоянии развития малого и среднего предпринимательства в Казахстане и его регионах». Нур-Султан, 2021 г., выпуск № 13. 100 стр.

3. Қазақстан Республикасындағы 2017-2021 жылдарға арналған шағын және орта кәсіпкерлігі жөнінде статистикалық жинақ

УДК 331.56 (574)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ

Нұрпеис Кәусәр Русланқызы

Бакалавриат студент

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті

Астана қаласы, Қазақстан

E-mail: nrpeiskusr@gmail.com

Жетекші: Молдашов Нұртай Оразалыұлы

Аннотация: Бұл мақалада Қазақстан Республикасының дамуына өз үлесін қосатын адами капиталдардың бірі қарастырылған. Әдетте адами капитал десе біздің ойымызға қаржы, байлық, ақша, күн, мұнай, газ және алтын сияқты бағалы заттар мағынасында түсінік келеді. Бірақ, бүгінгі күні адами капитал дегеніміз адам бойындағы білімі, қабілеті, тәжірибесі, даналығы, іскерлігі, бүгінгі бәсекелестік замандағы оның адамдық, кәсіби құндылығы. Ал бұл мақалада нақтырақ айта кеткенде, жұмыссыздық, оның түрлері туралы қарастырылды. Сонымен қатар, әйелдер мен жастар арасындағы жұмыссыздықтың пайда болу себептері және жастар арасындағы жұмыссыздықтың қазіргі таңда азаю себептері қарастырылды. Кейбір деректер салыстырмалы кесте түрінде де қарастырылды. Одан бөлек, елдегі жұмыссыздықты азайтатын және де сапалы жұмыспен қамтамасыз ететін бірнеше бағыттар ұсынылды.

Кілт сөздер: Жұмыссыздық, адами капитал, еңбек, экономика, қоғам, қаржы, экономист, нарық, шаруашылық, кәсіп.

Адами капитал-адамның еңбек ету мүмкіндігін, еңбек өнімділігі мен сапасын көтеретін біліктілік пен қабілетке салынатын капитал. Адами капиталдың бір бөлігіне бізге жұмыссыздық жатады. Және де бүгінгі менің қозғайтын тақырыбым-осы жұмыссыздық туралы.

Жұмыссыздық – елдегі жұмысқа қабілетті азаматтардың кей бөлігінің өзіне пайдалы еңбекпен айналысатын кәсіп таба алмай қиналатын әлеуметтік -экономикалық құбылыс. Кез-келген қоғамдағы жұмыссыздық құбылыстары сипатына байланысты : құрылымдық, фрикциялық және циклдік болып үшке бөлінеді.

Құрылымдық жұмыссыздық – жұмыс барысында болатын өзгерістер салдарынан пайда болатын құбылыс. Бұл жағдайда маман өзінің кәсібіне сұраныстың жоқтығынан не болмаса жұмыс істеу үшін жеткілікті біліктіліктің жоқтығы салдарынан жұмыссыз қалады.

Фрикциялық жұмыссыздық- қызметкерлердің жұмыс орнын -өз еркімен ауыстыруымен және жұмыстан уақытша босау кезеңдерімен байланысты (қызметкерлердің бір жұмыстан екінші жұмысқа ауысқан кездегі уақытша жұмыспен қамтылмауы) құбылыс.

Циклдік жұмыссыздық- елдегі тауарлар мен көрсетлетін қызметтерге сұраныстың күрт азаюы салдарынан болатын құбылыс. Циклдік жұмыссыздық кез-келген қоғам үшін экономикалық және әлеуметтік дағдарыс болып табылады.

Қазір көбінесе ер адамдарға қарағанда әйел адамдар жұмыссыздықпен көп қиналады. Себебі:

- еліміздегі техникалық мамандықтарға немесе ауыр физикалық жұмыстарға сұраныстың көп болуы. Көбінесе әйелдер қауымы техникалық мамандықтар бойынша сұранысқа ие емес жәнәмұндай еңбекке төзімді бола бермейді;
- көп жағдайларда жұмыс берушілердің бос орынға кішкентай балалары бар әйелді алмауы. Олар балаға күтім жасау бойынша еңбекке жиі кетеді және үнемі сұранады деп есептейді;
- балаларды бақшадан алып үлгеру үшін әйелге қолайлы кестемен жұмыс табу қиын;
- жұмыс берушілер баласыз әйелді алғысы келмейді, себебі ол декреттік демалысқа кетуі мүмкін деп есептейді.

Сонымен қатар, көп әйелдер (қыздар) қауымы тұрмыс құрғаннан кейін көбіне күйеуінің шешімімен үйде отырады. Яғни, үй тірлігіне, бала -шағаға және тағы да басқа жұмыстарға жауапты болып қалады.

	2017	2018	2019	2020	2021
Жұмыссыз халық, мың адам	451,9	454,2	445,5	442,3	443,6
Оның ішінде ерлер,	195,9	199,6	203,9	205,3	202,1
әйелдер	256,0	254,7	241,6	237,0	214,6

1-кесте. 2017-2021 жылдар арасындағы жұмыссыз халық

Осы кестеден-ақ ерлердің жұмыссыздық деңгейі әйелдердің жұмыссыздық деңгейіне қарағанда төмен екенін аңғаруға болады.

Сонымен қатар, қазір ауылды жерлерде де жұмыссыз отырған жандар баршылық. Оның бірден-бір себебі: жұмыс орындарының аз болуы. Осы себепті де қазір бірталай адам жұмыссыз отыр.

Соған қарамастан ауыл тұрғындары өз үйлерінде отырып өздерінің шағын бизнестерін жүргізуде. Мысалыға, әйелдер қауымы сүт өнімдерін және де қолдан қазақи нақыштағы құрақ көрпе тігіп, әшекей бұйым жасап өз шағын бизнестерін жүргізсе, ерлер қауымы отын, шөп тасып, мал шаруашылығымен айналысып ауыл шаруашылығын одан әрі дамытуда.

Бұдан бөлек қазіргі уақытта “Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту бағдарламасы да жүріп жатыр.

Осы бағдарлама арқылы, алда айтып кеткен ауыл тұрғындарының өздерінің шағын бизнестері арқылы ауылдық жерлерде әлі де жұмыссыздық деңгейі төмендейді деп ойлаймыз.

Ендігі кезекте бүгінгі біздің қозғайық деп отырған тақырыбымыз жастар арасындағы жұмыссыздыққа тоқтала кетсек.

	2017	2018	2019	2020	2021
Жұмыссыз халық, мың адам	451,9	451,1	445,5	442,3	443,6
15-24 жас аралығы	50,5	53,8	44,1	38,6	36,9
25-54 жас аралығы	363,1	354,7	362,0	357,8	355,8
55-64 жас аралығы	38,2	42,4	38,6	45,6	51,2

65-тен жоғары жас	-	0,2	0,8	0,3	0,1
-------------------	---	-----	-----	-----	-----

2-кесте. Қазақстан Республикасындағы жұмыссыз халықты жасы бойынша бөлу

2- кестеде Қазақстан Республикасындағы жұмыссыздық халықтың жас құрамы бойынша бөлінген.

Осылардың ішінде жастар арасындағы жұмыссыздыққа ерекше тоқталып, оның басты себептерін келесі жағдайлармен түсіндіруге болады:

- жоғары білім алуға жаппай ұмтылу ұзақ оқуға әкеледі. Кем дегенде 21 жасқа дейін жастар әлі оқиды;
- көптеген ата-аналар балаларының болашағы үшін уайымдап, оларға оқумен бір мезгілде жұмыс істеуге мүмкіндік бермейді;
- біліктілігі төмен немесе жоқ, бірақ еңбек күші қажет болатын көптеген ұрпақ пайда болды. Ал қазіргі еңбек нарығындағы басты талап - жылдам қарқынмен жоғары өнімділік. Бұл жерде жастар ынталы түрде қабылдайды, бірақ көбі жүктемеге төтеп бере алмайды, нәтижесінде жұмыссыз мәртебесіне қайта оралады;
- жастарға қызмет алу үшін қажетті бастапқы стаж алу оңай емес, ал компаниялар керісінше, жоғары білікті еңбек ресурстарын қажет етеді, олар көбінесе еңбек өтілі мен қажетті дағдысы бар қызметкерлерді алады;
- жастар арасында жұмыссыз мәртебесі бойынша жұмысты іздеуді және оны табуды ұзақ уақытқа созатын жанға жайлы жұмыс табу ниеті танымал;
- қазіргі жастар жоғары жалақы перспективасымен беделді мамандық алуға ұмтылуда. Бұл қаржыгер, экономистер, менеджерлер, заңгерлердің үлкен санын құрды. Сонымен қатар, бірде-бір қарапайым жұмыс мамандықтарын алғысы келмейді, ол салаларда кадрлардың үлкен тапшылығы пайда болды.

Енді осы 2-кестеге зер салып қарасақ, жыл өткен сайын жастар арасындағы жұмыссыздықтың бірте-бірте азайып бара жатқанын байқаймыз. Әрине бұл Қазақстан үшін де, біз үшін де жақсы нәтиже болып табылады.

Және осы нәтижеге қол жеткізгеніміз “Дипломмен ауылға”, “Жастар – Отанға”, “Серпін” және тағы да басқа бағдарламалардың арқасында деп ойлаймыз.

Еңбек нарығын дамыту және жастарды сапалы жұмыспен қамтамасыз ету үшін төмендегі өз ұсыныстарымызды атап көрсетсек болады:

- ЖОО-лардағы гранттар санын көбейту. Себебі, қазіргі таңда көптеген түлектер грант санының аздығына байланысты өзі қалаған оқу орнына түсе алмай қалып, қай мамандықта грант саны көп болса немесе Ұлттық Бірыңғай Тестілеуден өткеннен кейін жинаған ұпайы қай ЖОО-ға жететін болса сол оқу орнына түсуге мәжбүр болады.
- Зауыт, фабрика, кеңсе және тағы да басқа жұмыс орындарының санын көбейту. Себебі, қарап отырсақ, қазіргі таңда жұмыс орындарында мамандардың жеткілікті болуынан көп жастар жұмыссыз отырып қалуда. Сондықтан да, болашақта жұмыс орындарының саны көбейсе тек жастар арасындағы ғана емес, жалпы жұмыссыздық деңгейі төмендейді деген ойдамын.
- Әйелдерге арналған тиімді жұмыс кестесін жасау. Яғни, жоғарыда айтылып кеткендей, көбіне тұрмыс құрған әйелдер үй шаруашылығына байланысты жұмыстан бірнеше рет сұрануға тура келеді. Осындай жағдайлардың салдарынан кейбірі жұмыстан шығып немесе қуылып кетуі мүмкін. Сондықтан, егер де тиімді жұмыс кестесі болса, ол әйелдер арасындағы жұмыссыздықтың азаюына бірден-бір себепкер болары анық.

Қорытындылай келе, осы айтылған ұсыныстар болашақта іске асырылатын болса, Қазақстан Республикасындағы жұмыссыздар саны азаяды деген ойдамыз. Сондай -ақ, осы арқылы еліміз жақсы нәтижелерге қол жеткізері анық.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Уикипедия жұмыссыздық (<https://kk.m.wikipedia.org>)
2. ҚР-дағы жұмыссыздық себептері (<https://stud.kz>)
3. <https://www.freepapers.ru>
4. <https://qazradio.fm>
5. Вестник “Хабаршы”

IRSTI 06.71.47.

ECONOMIC ANALYSIS OF THE MODERNIZATION OF THE HEALTHCARE SYSTEM OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

A.M. Nugman

E-mail: almas.nugman@gmail.com

PHD student of the L.N. Gumilyov Eurasian National University,

Astana, Republic of Kazakhstan

Supervisor – professor Yegemberdiyeva S.M.

Abstract. In modern realities, special attention is paid to the transition of the healthcare system to the insurance model of such a system, there is a permanent increase in the number of jobs in the public medical sector due to the transition of doctors to work in private clinics. A similar transition to a new system determines the relevance of the chosen topic, as well as insufficient scientific development. The purpose of this paper is to study the modern development of the healthcare system of the Republic of Kazakhstan. Using the method of analysis, the article demonstrated the state of the modern healthcare system in the Republic of Kazakhstan, and considered the main indicators of the healthcare system of Kazakhstan. The authors describe the healthcare services in the Republic of Kazakhstan in 2019-2020. The authors concluded that the industry could allocate additional funds subject to necessary conditions. Thus, it was calculated how much additional funds from the state budget can be allocated with effective restructuring of expenditures. The problems were considered, and the prospects were determined to develop and modernize the healthcare system in Kazakhstan and to introduce a new allocation model of healthcare resources.

Keywords: healthcare services, economy, state, medical care.

Problem formulation. In modern realities, special attention is given to the transition of the healthcare system to the insurance model of organizing such system, there is a permanent increase in the number of jobs in the public medical sector by switching doctors to work in private clinics. A similar transition to a new system, as well as insufficient scientific elaboration determines the relevance of the chosen topic, as well as insufficient scientific development

The aim of the study is the study of the modern development of the healthcare system of the Republic of Kazakhstan, analysis and identification of industry problems, as well as consideration of issues of economic modernization of the system as a whole.

Research Methods. The methods of verification, comparative analysis, and monitoring of the main empirical approach have been applied. The official statistical data and information potential of the Internet have been used.